

## **Астана қаласындағы дипломатиялық қалашықтың құрылысы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 23 тамыз N 1224

Астана қаласын дамыту мәселелері бойынша алға қойылған міндеттерді уақытылы іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Астана қаласында дипломатиялық қалашықтың құрылысын кезең-кезеңмен салу және құрылыс жобасын іске асыру кезінде инвестордың күрделі салымдарын қайтаруды қамтамасыз ету үшін тікелей инвестицияларды тартудың шарттары жөніндегі ұсынысы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі заңдарда белгіленген т ә р т і п п е н :

Қазақстан Республикасы Үкіметінің тартатын сыртқы заемдарының есебінен Астана қаласында дипломатиялық қалашық магистральды инженерлік жүйелерінің, қызмет көрсету инфрақұрылымы мен объектілерінің құрылысын салуды және қаражатты аталған объектілерді пайдалану есебінен республикалық бюджетке қ а й т а р у д ы қ а м т а м а с ы з е т с і н .

"Құрылыс-Пайдалану-Тапсыру" формуласы бойынша тікелей инвестициялардың есебінен негізгі объектілердің құрылысын кезең-кезеңмен салуды және әлеуетті клиенттер ретінде дипломатиялық миссиялармен өзара іс-қимыл жасау арқылы инвестор жүзеге асырған күрделі салымдарды қайтаруды және дипломатиялық қалашық объектілерін мейлінше пайдалануды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Экономикалық жоспарлау жөніндегі агенттігі экономикалық сараптама жүргізуді орындасын және дипломатиялық қалашық құрылысы жобасының екінші кезеңін - Астана қаласындағы дипломатиялық қалашыққа қызмет көрсететін объектілердің құрылысын Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасына енгізу туралы ұсыныс енгізсін.

4. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі "МТ Мерката Трейдинг энд Инжиниринг СА" (Швейцария) компаниясы және басқа да инвесторлар ұсынған, Астана қаласында дипломатиялық қалашық құрылысын салу кезінде тікелей инвестицияларды берудің шарттары жөніндегі келісімдердің жобаларын қарасын, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес барлық жеңілдіктер мен преференцияларды айқындасын және Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне тиісті

ұсынымдарын табыс етсін.

5. Осы қаулының атқарылуын бақылау Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары - Сыртқы істер министрі Қ.К.Тоқаевқа жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.